

INTERNATIONAL
SCIENCE REVIEWS



№3 (2) 2021

Social Sciences series

www.aiu.kz



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 3 (2) / 2021

Nur-Sultan

EDITOR-IN-CHIEF:

Doctor of Historical Sciences, Professor
Shaikhutdinov M.Y.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF

Doctor of Jurisprudence, Professor
Amandykova S.K.

EDITORIAL BOARD:

- | | | |
|--------------------------------------|---|--|
| Irsaliyev S. A. | - | Candidate of Agricultural Sciences, President AIU, (Kazakhstan) |
| Sarsenbay N. A. | - | Candidate of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Somzhurek B.Zh. | - | Candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| Amandykova S.K. | - | Doctor of Jurisprudence, Professor (Kazakhstan) |
| Kazhyken M. Z. | - | Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Toxanova A.N. | - | Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Akhmadiyeva Zh.K. | - | Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor (Kazakhstan) |
| Laumulin M. T. | - | Doctor of Political Sciences, (Kazakhstan) |
| Orlova O.S. | - | Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia) |
| Jacek Zaleśny | - | Doctor of Jurisprudence, Professor (Poland) |
| Francisco Javier Diaz Revorio | - | Dr. hab., Professor (Spain) |
| László Károly Marác | - | PhD (The Netherlands) |
| Verbitskiy A.A. | - | Doctor of Pedagogy, Academician of the Russian Academy of Education (Russia) |

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: social-sciences@aiu.kz

International Science Reviews

Social Sciences series

Owner: Astana International University

Periodicity: quarterly

Circulation: 500 copies

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series
2021 №3

МАЗМҰНЫ

Секция
ҚҰҚЫҚ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Тхабисимова Л.А., Арзуманова С.М.

ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУ
НЫСАНДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ10

Валяровский Ф.И.

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚ: ӨЗАРА БЫҚПАЛДАСУДЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ.....15

Отузян Д.А.

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН
ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ.....21

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

Арутюнян Р.Э

РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РОССИЯДА ЗЕЙНЕТАҚЫ
ҚАМТАМАСЫЗДЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ.....29

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Акименко М.А.

ЖАСТАРДЫ ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ТРАНСҰЛТТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ТОПТАРҒА РЕКРУТИНГ ЖАСАУДЫҢ МӘСЕЛЕСІ.....35

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Бабошина Е.В.

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЯДРОЛЫҚ ЭНЕРГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ.....40

ЖАС ІЗДЕНУШІЛЕР

Жәлілханова Ы.Ш.

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
МІНДЕТТЕМЕЛЕР.....48

Абдраманова М.Р.

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ.....55

Сабитова Т.А.

ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ
КЕҢЕЙТІЛГЕН МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУДІҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ.....63

Кенжесейтов Д.С.

КҮШТЕП ТОНАУ МЕН ҚАРАҚШЫЛЫҚТЫ АЖЫРАТУДЫҢ КЕЙБІР
МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША.....72

Д.А.Исмаилова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАЗІРГІ БАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ЖҮЙЕСІ76

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series No 3**

СОДЕРЖАНИЕ

**Секция
ПРАВО**

КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО

Тхабисимова Л.А., Арзуманова С.М.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ФОРМ УЧАСТИЯ НАСЕЛЕНИЯ В РЕШЕНИИ
ВОПРОСОВ МЕСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ.....10

Валяровский Ф.И.

КОНСТИТУЦИЯ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ И МЕЖДУНАРОДНОЕ
ПРАВО: ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ.....15

Отузян Д.А.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ
ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ И ОРГАНОВ МЕСТНОГО
САМОУПРАВЛЕНИЯ В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ.....21

ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

Арутюнян Р.Э

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ПЕНСИОННОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ В
ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ РОССИИ.....29

УГОЛОВНОЕ ПРАВО

Акименко М.А.

К ПРОБЛЕМЕ РЕКРУТИРОВАНИЯ МОЛОДЕЖИ ЧЕРЕЗ ИНТЕРНЕТ В
ТРАНСНАЦИОНАЛЬНЫЕ ПРЕСТУПНЫЕ ГРУППИРОВКИ.....35

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

Бабошина Е.В.

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВОВОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО РОССИЙСКОЙ
ФЕДЕРАЦИИ В СФЕРЕ ЯДЕРНОЙ ЭНЕРГЕТИКИ.....40

МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ

Жәлілханова Ы.Ш.

ОБЯЗАТЕЛЬСТВА ПО ОКАЗАНИЮ МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ В СИСТЕМЕ
ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫХ ОТНОШЕНИЙ.....48

Абдраманова М.Р.

ОПЫТ ЗАРУБЕЖНЫХ ГОСУДАРСТВ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ПРОЗРАЧНОСТИ
ГОСУДАРСТВЕННОГО БЮДЖЕТА.....55

Сабитова Т.А.

ПЕРСПЕКТИВЫ РАСШИРЕННОЙ КОНФИСКАЦИИ КАК ИНОЙ МЕРЫ
УГОЛОВНО-ПРАВОВОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ.....63

Кенжесейтов Д.С.

О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ РАЗГРАНИЧЕНИЯ НАСИЛЬСТВЕННОГО
ГРАБЕЖА И РАЗБОЯ.....72

Д.А.Исмаилова

СИСТЕМА ЦЕННОСТЕЙ В ЯЗЫКЕ СОВРЕМЕННЫХ СРЕДСТВАХ
МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....76

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series No 3**

**CONTENT
Section
LAW**

CONSTITUTIONAL LAW

Thabisimova L.A., Arzumanova S.M.

IMPROVING THE FORMS OF POPULATION PARTICIPATION IN SOLVING
ISSUES OF LOCAL IMPORTANCE.....10

Valyarovskiy F.I.

THE CONSTITUTION OF THE RUSSIAN FEDERATION AND
INTERNATIONAL LAW: POLITICAL AND LEGAL ASPECTS OF THE
INTERACTION.....15

Otuzyan D.A.

CURRENT TRENDS IN INTERACTION BETWEEN PUBLIC AUTHORITIES
OF THE CONSTITUENT ENTITIES OF THE RUSSIAN FEDERATION AND
LOCAL SELF-GOVERNMENT BODIES AND THE POPULATION.....21

HISTORY OF STATE AND LAW

Harutyunyan R.E.

FORMATION AND DEVELOPMENT OF PENSION PROVISION IN PRE-
REVOLUTIONARY RUSSIA.....29

CRIMINAL LAW

Akimenko M.A.

TO THE PROBLEM, YOUNG PEOPLE ARE RECRUITED VIA THE INTERNET
INTO TRANSNATIONAL CRIMINAL GROUPS.....35

INTERNATIONAL LAW

Baboshina E.V.

INTERNATIONAL LEGAL COOPERATION OF THE RUSSIAN FEDERATION
IN THE SPHERE OF NUCLEAR ENERGY.....40

YOUNG RESEARCHES

Zhalilkhanova Y.Sh.

OBLIGATIONS TO PROVIDE MEDICAL SERVICES IN THE SYSTEM OF
CIVIL LAW RELATIONS.....48

Abdramanova M.R.

THE EXPERIENCE OF FOREIGN COUNTRIES IN ENSURING
TRANSPARENCY OF THE STATE BUDGET.....55

Sabitova T.A.

PROSPECTS FOR EXPANDED CONFISCATION AS ANOTHER MEASURE OF
CRIMINAL LEGAL IMPACT.....63

Kenzheseitov D.S.

ON SOME ISSUES OF DISTINGUISHING BETWEEN VIOLENT ROBBERY
AND ROBBERY.....72

D.A.Ismailova

THE SYSTEM OF VALUES IN THE LANGUAGE OF THE MODERN MASS
MEDIA OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN_.....76

РЕТІНДЕ КЕҢЕЙТІЛГЕН МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУДІҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Т.А. Сабитова

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранты
Қазақстан Республикасы, Қосшы қ., Республика к-сі, 16, tolganaisabitova@gmail.com
Ғылыми жетекші **А.М.Алибекова**, з.ғ.к., Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының доценті

Түйін: Мақала өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институтын зерттеуге бағытталған. Шетел мемлекеттері мен отандық қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама нормаларын салыстырмалы талдау негізінде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу ерекшеліктері зерделенді. Зерттеу нәтижесінде in rem жүйесі негізінде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленген.

Кілт сөздер: мүлікті тәркілеу, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы, үкім шығарылғанға дейін мүлікті тәркілеу, in rem тәркілеу, кеңейтілген мүлікті тәркілеу.

КІРІСПЕ

Жаһандық даму уақытында халықаралық сипаттағы қылмыстардың саны артуда. Бірінші Елбасымен «Қазақстан – 2050» стратегиясында дәл байқалғандай, корпоративтік ойлаудың қуаты барлық процестердің біртұтас алып қаралуында жатыр [1]. Қылмыстылық аясындағы процестерді қарастырсақ, қылмыстық құқық бұзушылықтар, әсіресе халықаралық сипаттағы қылмыстар қылмыстық жолмен табылған активтермен тікелей байланысты. Қылмыстарды қаржыландыру активтері, қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде табылған мүліктер мен қаражаттар бұл қоғамға қауіпті механизмінің үзіліссіз айналымын қамтамасыз етеді. Сондақтан қылмыстылықты тоқтатуға бағытталған күресте мүлікті тәркілеуді назардан тыс қалдыру мүмкін емес.

Қылмыстылықпен күресу шараларын белгілейтін қылмыстық-құқықтық нормалар тиімділігі олардың қазіргі болмыстың талабына сәйкес келуіне байланысты. Осы себепті де қылмыстық құқық нормалары заманнан қалыспай, шынайы жағдайларға (заманауи технологиялар, менталитет, саяси жағдай, т.б.) бейімделе өзгеруі қажет. Мұндай өзгеріс отандық қылмыстық құқықтағы мүлікті тәркілеу институтынан тыс қалмауда.

Қазақстан Республикасы (әрі – ҚР) қылмыстық құқығында мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде қарастырылып келген. Оны тағайындау барысында негізгі

фигура қылмыс жасаған тұлға мен оның мүліктік жауапталығы болып табылады, яғни қылмыстық құқық бұзушылық жасауда қолданылған не оның нәтижесінде табылған мүлікті тәркілеу қылмыстық тәртіппен жүзеге асырылады (лат. «in personam» - тұлғаға қарсы). Басқаша айтқанда, in personam тәркілеу қылмыстық процесте кінә мен мүліктің қылмыспен байланысы дәлелденгенде айыптау үкімі шыққанда нақты адамға қатысты қолданылады.

2014 жылы ҚР Қылмыстық кодексінің (әрі – ҚК) қабылдауымен енгізілген қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу отандық заңнамаға қылмыстық істен тыс мүлікті тәркілеу (лат. «in rem» - мүлікке қарсы) жүйесін әкелді. In rem тәркілеу жүйесінің ерекшелігі – оның мүліктік жаза ретінде тұлғаға қатысты емес, заңсыз алынған мүлікке бағытталуы және айыптау үкімін қажет етпеуі, сондай-ақ әдетте тәркіленуге жататын мүлік иесіне оның заңды шығу тегін дәлелдеу міндетін аударудан тұрады. Ол өзге мемлекеттерде «азаматтық тәркілеу», «қауіпсіздік шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу», «қылмыстық-құқықтық сипаттағы шара ретіндегі мүлікті тәркілеу», «құқықтық салдар» т.б. атауларына ие болғанымен, ортақ принциптерге негізделген.

2004 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясының 54-бабында әрбір қатысушы мемлекет қылмыскердің қайтыс болуы, бас сауғалауы немесе болмауы себепті немесе басқа да тиісті жағдайларда оның ізіне түсу мүмкін болмаған кезде істер бойынша қылмыстық іс жүргізу шеңберінде үкім шығармастан осындай мүлікті тәркілеуге мүмкіндік туғызу үшін қандай шаралар болса, сондай шаралар қолдану туралы мәселені қарастыратындығын анықтайды [2].

Аталған норма мен өзге халықаралық нормалар өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді мемлекеттердің заңнамаларында орын алуына әкелді. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу бойынша шетел мемлекеттерінің тәжірибесін зерттеу ең алдымен отандық қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру көз қарасынан қызығушылық тудыртады.

Ұлыбритания Біріккен Корольдігінің Парламенті «Қылмыстық табыстар туралы» (POCA – Proceeds of Crime Act) 2002 жылғы Заңы мүлікті қылмыстық тәртіптен тыс түрлерін енгізді. «Азаматтық-құқықтық тәртіпте құқыққа қайшы әрекетпен табылған табыстарды қайтару» атты 5-бөлімінде қылмыстан алынған табыстар қылмыстық іс бойынша үкім шығарусыз, күдікті қаза болған, қудалаудан жасырынған не иммунитеті бар жағдайларда тәркілеу мүмкіндігі пайда болды. Мүлікке қатысты азаматтық іс жүргізу айыпталушы ақталғанда да жүргізіле берді [3].

Тәжірибеде құқық қорғау органдары мүлік қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде алынғанын дәлелдеу күрделі болғандықтан, 2017 жылы 30 қыркүйектен бастап әрекет ететін «Криминалды қаржылар туралы» Заңмен мүліктің заңды шығу тегі

күдіктіге ауысытырылған. Мүлікті тәркілеу туралы бұйрық Еуропа экономикалық аумағынан тыс мемлекеттерден келген саяси маңызы бар тұлғалар мен елеулі қылмыстарға тартылған тұлғалардың иелігіндегі құны 50 мың фунт стерлингтер жоғары «шығу тегі түсініксіз байлықтарға» қатысты шығарылады. Тұлға мүліктің шығу тегі бойынша түсініктеме бере алмауы немесе беруден бас тартуы тәркілеуге негіз болады. Сондай-ақ, мүліктің нақты қылмыспен байланысын анықталуы міндетті талап емес [4]. Тұлғаға мүліктің шығу тегін дәлелдеу бойынша ауыртпалық, оның «қылмыстық өмір салтын» ұстанады деп танылуынан кейін пайда болады [5].

Мұндай тәркілеу жүйесі 1956 жылы «Қауіпсіздік пен қоғамдық имандылыққа қатер төндіретін тұлғаларға қарсы алдын алу шаралары туралы» заңымен Италияда мафиямен күресте енгізілген және айыпталушыға оның заңды табыстарынан құны асатын мүліктің заңды шығу тегін дәлелдеуді міндеттеуден тұрған. Егер тұлға мүліктің заңды шығу тегін түсіндіре алмаса не сот белгілеген уақытта келмеген жағдайда, мүлік тәркіленуге жатқан. Бұл шара мафияның қылмыстық әрекеттерімен күресуде шешуші бастапқы қадамдарының бірі болды, себебі байлығынан айырылған мафия билігінен де айырыла бастады [6].

АҚШ мемлекетінде тәркілеуге ақшаны жылыстату мақсатында жасалған не жасалуға оқталған шарттармен, оның ішінде ақша қаражатын аудару бойынша заңсыз операцияларға байланысты кез-келген мүлік; АҚШ юрисдикциясындағы қылмыс жасау нәтижесінде тікелей немесе жанама алынған табыстар немесе қылмыс құралдары ретінде қолданылатын мүліктер жатады. Тұлға мүлікті тәркілеуден қорғау үшін мүліктің қылмыспен қатыстылығын даулау не өзінің «кінәсіз иегер» екендігін дәлелдеу қажет. [3].

Осылайша тұлға мүліктің заңды шығу тегін дәлелдей алмау негізінде заңды жолмен табылды деген күдік бар мүлкін тәркілеу Австрия, Норвегия, Таиланд, Швейцария, Австралия, ГФР, Эстония, Черногория, Литва, Румыния заңнамаларымен және шенеуніктерге қатысты Гонконгте қарастырыла бастады [7].

Франция мемлекетінде де, мүлікті тәркілеу қылмыстық құқықта тек қосымша жаза ретінде анықталғанымен, егер тұлға 5 жылдан жоғары бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмыс нәтижесінде тікелей немесе жанама пайда көруі мүмкін және меншігіндегі мүліктің заңды шығу тегін дәлелдей алмаса, тәркіленуге жатады [8].

ТМД қатарындағы дамушы Молдова мемлекетінде мүлікті тәркілеудің кеңейтілген және арнайы түрлері қылмыстық заңнамада «Қауіпсіздік шаралары» қатарына жатқызылады. Қауіпсіздік шаралары қауіпті жою және қылмыстық заңнамамен қарастырылған әрекеттердің жасалуын алдын алу мақсатын көздейді (98-бап) [9].

Мәжбүрлі және қайтарымсыз мемлекет меншігіне айналдыру болып табылатын мүлікті тәркілеудің арнайы түрі Молдова Республикасы ҚК 106-бабының 2-бөлігінде анықталған, қылмыспен байланысы бар мүліктерге қатысты, ал кеңейтілген түрі пайдакүнемдік мақсатта жасалған нақты қылмыстар (адам ағзалары, тіндері және жасушалары саудасы, адам саудасы, балалар порнографиясы, есіркінің заңсыз айналымы қылмыстары, жалған құжаттар дайындау, сыбайлас жемқорлық қылмыстары, заңсыз баю, лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, т.б.) бойынша өзге мүліктерге де қатысты жүргізіледі [9].

Молдова Республикасы ҚК 106-1-бабының кеңейтілген тәркілеуді қолдану үшін келесі мән-жайлардың жиынтығында ғана қолданылуы мүмкін:

- қылмыс жасағанға дейінгі аралық және қылмыс жасалғаннан кейінгі үкімнің шыққан уақыт аралығын қамтитын 5 жыл ішінде сотталғанмен табылған мүлік құны оның заңды тапқан табысынан едәуір асады;

- сот іс бойынша ұсынылған дәлелдемелер негізінде мүліктің қарастырылған қылмыстық іс-әрекеттен шыққандығы анықтады. Мұнда сотталған немесе үшінші тұлға отбасы мүшесіне, сотталған бақылауындағы заңды тұлғаға немесе мүліктің заңсыз шығу тегі туралы білген немесе білуі тиіс өзге адамдарға берілген мүліктің құны назарға алынады. Заңда, сонымен қатар, заңды табыс пен заңсыз мүлік айырмасын анықтау барысында мүліктің алынған кезіндегі құны мен көрсетілген тұлғалардың шығындарды есепке алынатындығы ескеріледі [9].

Молдова Республикасы ҚПК-нің 229-1-бабы бойынша, қылмыстық жолмен табылған мүлікті өтеу (орнын толтыру) қылмыстық жолмен табылған мүлікті қудалау және дәлелдемелерді жинау, иелік етуге тыйым салу, тәркілеу және зиян орнын толтыру, қайтару сатыларынан тұрады. Қылмыстық жолмен табылған мүлікті қудалау және дәлелдемелер жинау мақсатында қылмыстық іспен параллельді 2017 жылы құрылған арнайы автономды САРА бөлімшесімен қаржылық тергеп-тексеру жүргізіледі [10]. Мұндай мүлікті тәркілеу бойынша арнайы бөлімнің немесе тергеп-тексеру тобында маманның болуы біздің мемлекетімізге де қажет деп есептейміз.

Жоғарыда көрсетілген нақты қылмыспен байланысты емес, бірақ өзге қылмыс жасау нәтижесінде табылған деген күдік бар мүліктің заңды шығу тегін дәлелдеуді қылмыс жасаған тұлғаға жүктеуден тұратын мүлік тәркілеу кеңейтілген мүлікті тәркілеу болып табылады. Мұндай ережені мемлекет заңнамасында қарастыру бойынша ұсыныс Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясының 31-бабының 8 тармағында белгіленген [2].

Бірқатар авторлар мүлікті тәркілеудің айыптау актісіз тағайындалуы, мүліктің заңды шығу тегін дәлелдеуді иесіне жүктеуге байланысты кінәсіздік презумпциясын, мүліктік құқықтарды бұзады, қос жазалау болып табылады деген

негіздермен қарсылық білдірген. Алайда, Конституциялық соттарда және Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотта бұл институттың тексерістен табысты өтуі және мемлекеттерде тиімділігін көрсетуі керіні дәлелдейді [11]. Ол бойынша Н.А.Голованованың: «Мүлікті тәркілеу қылмыстық қудалауды алмастырмауы қажет болғанымен, көп жағдайда (әсіресе мемлекет басшылығының жоғары эшелонындағы сыбайлас жемқорлық туралы сөз болғанда) – бұл криминалды табыстарды алудың және әділеттілікті қалыпқа келтірудің жалғыз әдісі» деген пікірін қолдаймыз [12].

Отандық заңнамадағы қылмыстық істен тыс мүлікті тәркілеу, яғни қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу ҚР ҚК 48-бабының 4-бөлігінде ҚР ҚПК 15-бөліміне сілтеме жасау арқылы белгіленген [13].

ҚР ҚПК 667-бабына сәйкес, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу күдікті, айыпталушы халықаралық іздестіру жарияланған не оларға қатысты қылмыстық қудалау ҚР ҚПК 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4) және 11) тармақтары (ескіру мерзімінің өтуі, рақымшылық жасау актісі жасалған әрекеттер, қаза болуы) негізінде тоқтатылған жағдайларда, заңсыз жолмен алынған мүлік туралы мәліметтер болған кезде, негізгі қылмыстық істен материалдарды бөліп шығару арқылы жүзеге асырылады [14].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тәркілеу туралы іс жүргізуде:

мүліктің күдіктіге, айыпталушыға немесе үшінші адамға тиесілін;

мүлікті тәркілеуде қолдануға негіз болып табылатын қылмыспен байланысын;

мүлікті үшінші адамның сатып алуының не мүліктің құқық бұзушылық нәтижесінде сатып алынған деп пайымдауға негіз болатын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Сонымен қатар, ҚР ҚПК 113-бабының бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген мән-жайлар да дәлелденуге жатады (қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері мен салдары, іс-әрекеттің кімнің жасағаны, кінәлілігі мен оның нысаны, т.б.) [14]. Яғни, нәтижесінде мүлікті тәркілеу туралы сотқа дейінгі іс жүргізу қылмыстық істің толық көлемін тергеп-тексеруді қамтиды. Бұл өз алдына қылмыстық істен тыс жүргізілетін қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің мүмкіндігі мен тиімділігін жоққа шығарады. Сондай-ақ қудалау органдары қалыптасқан тәжірибеде мүлікті анықтауға емес, кінәліні жауапталаққа тартуға мақсатталады. Ал қылмыстық іс тергеп-тексеру барысында анықталған заңсыз табылған мүліктің нақты осы қылмыспен байланысы дәлелденбесе, мүлік жосықсыз тұлға иелігінде қала береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда баяндалғанды қорытындылай келе, ҚР қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу in rem жүйесінің қылмыстық істен тыс, айыптау үкімінсіз тәркілеу принциптерін қамтығанымен, оның негізгі тиімділігін қамтамассыз ететін кеңейтілген мүлікті тәркілеуді қарастырмайды. Бұл мән-жай қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының тәжірибеде әлі де толыққанды қолданылмауын түсіндіреді.

Халықаралық актілер ықпалымен шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамаларына in rem жүйесін сипаттайтын қылмыстық істен тыс тәркілеумен кеңейтілген мүлікті тәркілеу енгізілуде. Шетел мемлекеттерінің бұл институттың заңнамалық тәжірибесі бұл тәркілеу түрінің кең тарап, қылмыстылықпен күресте тиімді құралына айналуын көрсетеді. Бірақ шетел мемлекеттерінің тәжірибесін мемлекетке енгізу басқа елде өзінің тиімділігін көрсеткен шараларды жай көшіруден тұрмауы тиіс. Мүлікті тәркілеудің шетелдік шараларды қолдануды біздің мемлекетке енгізу үшін ұлттық ерекшелікті ескере икемдеу қажет.

Дәлелдеу ауыртпалығын даулы меншік иесіне аудару практикалық қажеттіліктен туындайды, тиімді әрі әлемдік қоғамдастықта адам құқықтарын қорғау тұрғысынан рұқсат етілген деп танылады. Пайдакүнемдік қылмыс жасаған тұлға активтерін кеңейтілген тәркілеу отандық заңнамаға да қажет. Сондықтан қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі және жалпы мүлікті тәркілеуді қолдану тиімділігін арттыру мақсатында оны кеңейтіп, ҚР ҚК 48-бабына келесі редакцияда 2-1 бөлікпен толықтырған жөн:

«Сот, егер тұлға 5 жылдан астам бас бостандығынан айыру және мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны көздейтін, оның нәтижесінде материалдық пайда табуы мүмкін қылмыстар бойынша, күдікті, айыпталушы, сотталғанның, оның отбасы мүшелері, бақылауындағы заңды тұлға, үшінші тұлғалар 5 жыл ішінде алған, заңды тапқан табыстарынан құны едәуір асатын мүлікті тәркілеуі мүмкін.

Заңды табыс құнынан аспайтын не заңды шығу тегі дәлелдеген мүлікті тәркілеуге жол берілмейді».

Бұл норма қудалау органдарының заңсыз алынған мүліктің нақты қылмыспен байланысын дәлелдей алмау салдарынан туындайтын материалдық пайда әкелетін қылмыстармен күрестегі мәселелерді бірталай шешеді, ал оны қолдануды анық шектеу тұлғаның құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауды қамтамассыз етеді деп санаймыз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан – 2050 стратегиясы» - 2012 ж.// akorda.kz: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [ЭР]: URL:https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы №31 Заңы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет» - [ЭР]. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031> (жүктелген уақыт: 15.10.2021 ж.)
3. Каюмова А.Ф. Практика применения в развитых зарубежных странах конфискации имущества в порядке in rem / А.Ф. Каюмова // Научная электронная библиотека Elibrary.ru. – [ЭР]: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=36899821&>. – Дата доступа: 06.10.2021).
4. Чудаков Е.Р. Конфискация in rem как перспективное средство противодействия коррупции // Электронный сборник трудов молодых специалистов Полоцкого Государственного Университета – Выпуск 32 (102) 194 бет).
5. Регулирование возврата преступных активов по праву Англии. А.И.Докучаев, А.Г.Волеводз // Библиотека криминалиста – 2017 г. - №4 [ЭР]: (33)URL:https://mgimo.ru/library/publications/regulirovanie_vozvrata_prestupnykh_aktivov_po_pravu_anglii/ стр. 282-297 стр.289)
6. Соловьева Т.А., Паулов П.А. Противодействие коррупции в Итальянской Республике // Журнал «Вестник современных исследований» - 2019 - №29 – 53-55 бб. [ЭР]: https://elibrary.ru/download/elibrary_37088445_77300546.pdf
7. Доклад Московского бюро по правам человека Исп. "Докажи, что живешь на законные". Как Гонконг победил коррупцию. 6 июля 2010 21:44, [ЭР]: «Право.РФ»: <https://pravo.ru/interpravo/news/view/33469/>
8. Ключников А.Ю. Расширенная конфискация во Франции и Англии // Научный вестник Омской академии МВД России – 2017 ж. – №4 (67) – 30-33 бб. [ЭР]: <https://cyberleninka.ru/article/n/rasshirennaya-konfiskatsiya-vo-frantsii-i-anglii>
9. Молдова Республикасының Қылмыстық кодексі. 2002 жылдың 18 сәуіріндегі №985-XV З. // online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі «Юрист-Параграф» - [ЭР]: URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30394923 (жүктелген уақыт: 01.10.2021 ж.)
10. Молдова Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 2003 жылдың 14 наурызындағы №122-XV З. // online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі «Юрист-Параграф» - [ЭР]: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397729 (жүктелген уақыт: 01.10.2021 ж.)
11. Гринберг Т., Сэмюэль Л., Грант В., Грей Л. «Возврат похищенных активов» - //Альпина Паблишерс – Мәскеу – 2010 ж. [ЭР]: <https://kniga.biz.ua/pdf/5410-Vozvrat.pdf> (жүктелген уақыт: 05.10.2021 ж.)
12. Голованова Н.А. «Конфискация VS коррупции (зарубежный опыт). // Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ – Мәскеу, 2015 - №3 – 496-503 бб.)
13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

«Әділет» - [ӘР]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1695> (жүктелген уақыт: 02.10.2021 ж.)

14. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет» - [ӘР]: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231/k14231_.htm (жүктелген уақыт: 02.10.2021 ж.)

ПЕРСПЕКТИВЫ РАСШИРЕННОЙ КОНФИСКАЦИИ КАК ИНОЙ МЕРЫ УГОЛОВНО-ПРАВОВОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ

Аннотация: Статья направлена на изучение института конфискации имущества как иной меры уголовно-правового воздействия. На основе сравнительного анализа отечественного и зарубежных норм уголовного и уголовно-процессуального законодательства изучены особенности конфискации имущества как иной меры уголовно-правового воздействия. В результате исследования разработаны рекомендации по совершенствованию уголовного законодательства Республики Казахстан по конфискации имущества как иной меры уголовно-правового воздействия на основе системы in rem.

Ключевые слова: конфискация имущества, иная мера уголовно-правового воздействия, конфискация имущества до вынесения приговора, конфискация in rem, расширенная конфискация имущества.

PROSPECTS FOR EXPANDED CONFISCATION AS ANOTHER MEASURE OF CRIMINAL LEGAL IMPACT

Annotation: The article is aimed at researching the institution of confiscation of property as a measure of criminal legal impact. On the basis of a comparative analysis of domestic and foreign norms of criminal and criminal procedure legislation, the features of confiscation of property as a measure of criminal legal impact are studied. As a result of the study, recommendations were developed to improve the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan on the confiscation of property as a measure of criminal legal impact based on the in rem system.

Keywords: confiscation of property, measure of criminal legal impact, confiscation of property before sentencing, confiscation in rem, extended confiscation of property.